АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
ӘУЕЗОВ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМІ

АКИМ
АУЭЗОВСКОГО РАЙОНА
ГОРОДА АЛМАТЫ

ӨКІМ

2025 жылғы 17 қаңтар
Алматы қаласы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 9-Ө
город Алматы

«Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімі аппаратының тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың 2025 жылға арналған жоспарын бекіту туралы» 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 184-ө өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 09 қаңтардағы № 648 қаулысымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Қағидаларына сәйкес, VIII сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXV сессиясының «Алматы қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» 2024 жылғы 06 желтоқсандағы № 183 шешімі және 2001 жылдың 23 қаңтарындағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, Әуезов ауданының әкімі **ӨКІМ ЕТТІ:**

1. «Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімі аппаратының тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың 2025 жылға арналған жоспарын бекіту туралы» 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 184-ө өкіміне келесідей толықтырулар енгізілсін:

тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың 2025 жылға арналған жоспары осы өкімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің аппарат басшысы М.Ж. Бабиевқа жүктелсін.

3. Осы өкім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

А. Егембердиев

000935